кезде, егер ол бұрын аталған өтемақыны алмаған болса, жұмыстан шығаруына байланысты бір лауазымдық айлық (тарифтік ставка) мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

7.1.8. Қызметкерлерді қызметтік мақсатта білім беру ұйымдарының кітапхана қорымен тегін қамтамасыз етеді.

7.1.9. Азаматтық қызметшілерді және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерін лауазымдық міндеттерін адал атқарғаны үшін, жұмысты өте сапалы орындағаны үшін, бастамашылдығы, шығармашылық белсенділігі, жұмыстағы жетістіктері үшін:

1) азаматтық қызметте жоғарылатумен;

2) ақшалай сыйақымен;

3) алғыс жариялаумен;

4) грамотамен, белгілермен, ведомстволық және мемлекеттік наградалармен;

5) құрметті атақтарын берумен марапаттайды.

7.1.10. Білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тізім бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында халықаралық олимпиадалар, байқаулар мен спорттық жарыстар жеңімпаздарын, жүлдегерлерін дайындаған педагогке, тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлық мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді.

7.2. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:

- «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес әскер қызметіне шақыруды кейінге қалдыруға;

- ҚР заңнамасына сәйкес тұрғын үйге, соның ішінде қызметтік және (немесе) жатақханаға;

- ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдеріне құқылы.

- ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес балаларына тұрғылықты мекенжайлары бойынша мектепке дейінгі балалар ұйымында бірінші кезекте орын беріледі.

7.3. Білім беру ұйымдарының Жұмыс берушілері үнемделген қаражат есебінен қызметкерге мынадай жағдайларда және мөлшерде материалдық көмек көрсетуге құқылы:

1) оның отбасы мүшелерінің, жақын туған-туыстарының (зайыбының, ата-анасының, балаларының, асыраушыларының, асырап алынғандарының, толық туысты және толық туыс емес ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) немесе құда-жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың ата-анасының, аға-інісінің, әпке-сіңлісінің, балаларының) қайтыс болуы – 20 АЕК;

2) некеге тұру – 10 АЕК;

3) бала туылған, бала асырап алған – 20 АЕК;

4) қосымша қаржылық шығындарды талап ететін емдеу (санаторийліктен басқа, стационарлық немесе амбулаторлық емдеудің 10 күнтізбелік күнінен астам) – 15 АЕК;

5) оған қатысты құқыққа қарсы іс-қимылдар жасалуы, (тонау, ұрлық және т.б.), сондай-ақ, дүлей зілзала апаттары (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.) салдарынан қызметкерге мүліктік зиян келтіру – 15 АЕК.

7.4. Ауылдық елді мекендерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басымдық тәртіппен жүзеге асырылады;

7.5. Ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке:

1) жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;

2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.